

"Қазақстан Республикасындағы ойын бизнесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 қарашадағы N 1119 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасындағы ойын бизнесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасында ойын бизнесінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасындағы ойын бизнесін реттеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қазақстан Республикасындағы казино мен ойын автоматтарының залдары 2007 жылғы 1 сәуірден бастап Алматы облысының Қапшағай қаласында (Қапшағай су қоймасының оң жоқ жағалауы) және Ақмола облысының Шучье ауданында ғана жұмыс істей алады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Парламентінде "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын тиісті пысықтауды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігін ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган етіп белгілесін.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңсыз ойын бизнесінің жұмыс істеуіне жол бермеу жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп, ойын бизнесін ұйымдастырушылармен насихаттық және түсіндіру жұмысын жүргізсін.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) 2007 жылғы 1 сәуірге дейін Алматы облысының Қапшағай қаласында (Қапшағай су қоймасының оң жақ жағалауы) және Ақмола облысының Шучье ауданында

орналасқан казино мен ойын автоматтары залдарын қоспағанда, казино мен ойын автоматтары залдарының қызметін тоқтату жөнінде;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Алматы облысының Қапшағай қаласына (Қапшағай су қоймасының оң жақ жағалауы) және Ақмола облысының Шучье ауданына қоныс аудармайтын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға басқа қызмет салаларына қайта бейімделуге жәрдем көрсету жөнінде;

3) казино мен ойын автоматтары залдарының қызметін тоқтатуға байланысты жергілікті бюджеттердің шығындарына және халықтың жұмыспен қамтылуының төмендеуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Алматы және Ақмола облыстарының әкімдері:

1) 2007 жылғы 1 ақпанға дейін бас жоспарларға өзгерістер енгізе отырып, Алматы облысы Қапшағай қаласының (Қапшағай су қоймасының оң жақ жағалауы) және Ақмола облысы Шучье ауданының шегінде ойын орындарының орналасатын жерін белгілеуді;

2) ойын бизнесін ұйымдастырушыларға Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген тәртіппен Алматы облысының Қапшағай қаласында (Қапшағай су қоймасының оң жақ жағалауы) және Ақмола облысының Шучье ауданында жер учаскелерін беруді қамтамасыз етсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті